

Кімге: ШҚО, Глубокое ауданының Әкімдігіне

Автор: Қинаятов Алмас Алтайұлы, «Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданының Верхнеберезовский кенті әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі жетекші маманы

Күні: 24.10.2024 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Шығыс Қазақстан облысы Глубокое ауданы Верхнеберезовский кентіндегі жұмыссыздық мәселесі

Кілт сөздер: кент, жұмыссыздық, кәсіпкерлікті дамыту, урбанизация, жұмыссыздарды оқыту, NEET санатындағы жастар, халықтың әлауқатын көтеру.

Зерттеу әдістері: салыстыру, салыстыра талдау (SWOT, PEST-талдау), жүйелеу, көрнекілік.

Кіріспе

«Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын»

ҚР Президенті Қ.К Тоқаев 2024 жылғы Жолдауынан.

Жұмыссыздық деген – жұмыс тобының қатарына кіретін, жұмысы жоқ және белсенді түрде жұмыс іздеп, таба алмай жүрген жағдай. Жұмыссыздық әрқайсымызға таныс құбылыс деп сенімді түрде айтуға болады. Кейбіріміз дипломымыз қолымызға тие салысымен-ақ жұмыссыздықтың не екенін білсек, енді біразымыз бұл мәселемен кейіндеу кездестік. Бұл құбылыспен ешқашан бетпе-бет келмегендердің өзі де күн сайын осы бір экономикалық кеселдің құрбаны болып жүргендерді кездестіреді. Жұмыссыздық – әлеуметтік салдары ауыр экономикалық құбылыс. [1]. Біз Верхнеберезовский кентінде жұмыссыздық мәселесін статистикаға және басқа да деректерге сүйеніп талқылайтын боламыз. Кент туралы шағын мәлімет келтіретін болсақ, Верхнеберезовский кенті Өскемен қаласынан 41 шақырым жерде орналасқан. Кент тұрғындарының саны - 1864. Олардың ішінде жұмыссыз ретінде тіркелген 15 адам бар. Тіркелмеген адамдардың саны да аз емес. Сол себепті кентімізде жұмыссыздық негізгі мәселелердің бірі болып табылады және олардың негізгі себептері:

- 1) Кент аумағында ірі кәсіпорындардың болмауы;
- 2) Халықтың жаппай қалаға көшуі (урбанизация);

- 3) Аудан орталығынан кенттің шалғай орналасуы;
- 4) Шағын және орта бизнестің дамымай қалуы;

Верхнеберезовский кентіндегі жұмыссыздық мәселесінің өзектілігі – жұмыссыздық себебін анықтау, осы мәселені саралап шешу арқылы Верхнеберезовский халқының әл-ауқатын жақсартуға қол жеткізу.

Аналитикалық жазбаның мақсаты – Верхнеберезовский кентіндегі жұмыссыздық деңгейін азайту жолдарын қарастыру, жұмыссыздық мәселесін егжей-тегжейлі талдау жасау.

Кент тұрғындарына еліміздегі жүзеге асып жатқан ұлттық жобалармен мемлекеттік бағдарламаларды таныстыру, енгізу. Жаңа жұмыс көздері мен тың идеяларды қарастырып, халыққа жұмыссыздық мәселесі бойынша көмектесу.

Негізгі бөлім

Жоғарыда айтып өткендей, Верхнеберезовский кентінде 1864 адам өмір сүреді. Оның 1/3 бөлігі зейнет жасындағы қарттар болса, кенттегі жұмысқа жарамды адамдардың саны 800 ден асады. Басым көпшілігінің техникалық және жоғары білімдері бар.

Тақырыпты зерттеу барысында біз SWOT және PEST талдау әдістерін кешенді пайдаландық. Верхнеберезовский кентіндегі жұмыссыздық мәселесінің жағымды жақтары:

Біріншіден, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі мемлекет тарапынан жаңа жұмыс орындарын ашуға, кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған бағдарламалардың қабылдануына себеп болуы мүмкін;

Екіншіден, жұмыссыздық мәселесі жастар мен азаматтардың кәсіби дағдыларын жетілдіру үшін кәсіптік білім беру және оқу курстарының ұйымдастырылуына ықпал етеді;

Үшіншіден, жұмыссыздықтың болуы тұрғындарды өз бизнесін ашуға, шағын кәсіпкерлікті дамытуға ынталандыруы мүмкін;

Төртіншіден, жұмыссыздық мәселесі қоғамда адамдардың бірлесіп жұмыс істеп, бір-біріне көмек көрсетуіне себеп болады.

Мәселенің әлсіз және қауіпті жақтарына: кентте тұрақты және сапалы жұмыс орындарының болмауы тұрғындардың жұмыссыздыққа ұшырауына себеп болады. Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі бәсекелестікті төмендетіп, жалақының да аз болуына әкеледі. Әлеуметтік тұрақсыздық орнап, қоғамда құқық бұзушылық, қылмыстың артуына әкеп соғуы мүмкін. Тұрғындардың психологиялық денсаулығының нашарлауына, стресске және депрессияға алып келеді.

1. Жұмыссыздықтың өсуі жергілікті экономиканың дамуына теріс әсер етеді, бұл жаңа инвестициялар мен кәсіпорындардың құрылуын тежейді.

2. Верхнеберезовский кентінде тұрып жатқан тұрғындардың басқа жерге қоныс аударуына, көшіп келудің азаюына әкеліп соғуы мүмкін.


Верхнеберезовский кентіндегі жұмыссыздық мәселесінің саяси жағына әсерін қарастырсақ халықтың тұрмысы төмендеуіне байланысты саяси ахуал қалыптасып, наразылық, көтерілістің орын алуы. Кент аумағында тұрмысы төмен, ішімдікке тәуелді адамдардың көп болуы әртүрлі қылмыстардың орын алуына әкеп соғады.

Әлеуметтік әсері – халықтың тұрмыс-тіршілігі төмендеуі, кедейлік деңгейінің өсуі, отбасылық зорлық-зомбылықтың көбеюіне әкеліп соғады.

Экономикалық әсері – жұмыссыз адамдардың сатып алу қабілеті шектеледі, бұл тұтыну сұранысының төмендеуіне және нәтижесінде шағын бизнес табысының қысқаруына әкеледі.


Верхнеберезовский кенті бойынша жұмыссыздық мәселесі жалпы Глубокое ауданының дамуына әсер ететіні айдан анық. Республика деңгейінде жұмыссыздық мәселесі бойынша көптеген жобалар, бағдарламалар қабылданып жатыр олар: «Еңбек» - мемлекеттік бағдарламасы, «Өңірлерді дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы», «Кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жобасы», «Қуатты өңірлер – ел дамуының драйвері ұлттық жобасы" [2]. Бұл жобалар мен бағдарламалардың тиімді және тиімсіз жағын саралап, жұмыла іске асыруымыз қажет.

Сурет-1



Статистикалық деректерге сүйенсек жоғарыда көрсетілген диаграммада (Сурет-1). Верхнеберезовский кенті халқының үлесін көруімізге болады. Диаграммада көрсетілгендей, кент тұрғындарының жұмыспен қамтылғандарының саны 900 ге жуық, зейнет жасындағы кісілердің саны 600, жұмысқа қабілетсіз санаттағы адамдардың саны 64, жұмысы жоқ адамдардың саны 100 (оның ішінде 15-і жұмыссыз ретінде тіркелген). Бұл дегеніміз кент тұрғындарының 18,64 пайызы жұмыссыз отырғандығын көрсетеді[3]. Тарихқа көз жүгіртсек, 1999 жылғы халық санағы бойынша Верхнеберезовский кентінде 6548 адам, 2009 жылғы халық санағы бойынша 3545 адам, 2024 жылғы деректерге сүйенсек 1864 адамға дейін азайған. (Сурет-2). Халықтың жаппай көшуінің бірден-бір себебі, «Березовский Рудник» жер қойнауының жабылып қалуы. «Ел құлағы – елу» демекші кент тұрғындарының айтуы бойынша жер қойнауы жұмыс істеп тұрған сәтте, халық саны 11000-ге жеткен деседі. Статистикаға қарап айтпағым, өз бетінше жұмыспен қамтылған халық азайып келеді. Бұл жеке кәсіп пен мал шаруашылығымен айналысатын халықты қолдап дамыту қажеттігін туғызуда.

Сурет-2



Халықаралық тәжірибе.

Жұмыссыздықты азайту бойынша негізгі халықаралық 4 үлгі бар олар - американдық, европалық, скандинавтық, жапондық. Соның ішінде Америкалық және Жапондық үлгіні қарастырайық.

Жұмыссыздықты тұрақтандыру бойынша Америкалық үлгі – АҚШ капиталдық жетекші ел, экономикасы мен ғылыми-техникасы жақсы дамыған сондықтан американдық модель кәсіпкерлікті дамыту және халықтың белсенді өмір сүруіне бағытталған. Табысы аз топтар жәрдемақылар арқылы қолайлы өмір сүру деңгейімен қамтамасыз етіледі. Бұл модель еңбек өнімділігінің жоғары деңгейіне және жеке табысқа жетуге жаппай бағдарлануға негізделген. Осының арқасында АҚШ өзін экономикалық тұрғыда толық қамтамасыз етіп және жетекші елдердің бірі болып отыр. Жұмыссыздықты тұрақтандыру бойынша Жапондық үлгіде тоқтала кететін жайт ол бір орында тұрақты жұмыс жасауға 2-3 жыл сайын лауазым өсуіне жағдай жасау. Жұмысшылардың іскерлік қасиетіне тәжірибесіне қарай жалақы беру. Негізгі экономикалық ынталандыруларға – жалақының көтерілуі; тұрақты бонустық төлемдер; әл-ауқатын сақтау үшін әртүрлі біржолғы жәрдемақыларды төлеу; алдын ала келісілген ірі көлемдегі жұмыстан босату төлемдерін төлеу. Жапон мемлекетінің ерекшелігі ғылыми техникалық прогресстан қалмай экономикасын соған бұру. [4]

Қорытынды

Қорытындылай келе Верхнеберезовский кентіндегі жұмыссыздық мәселесі өзекті мәселе оны шешу халықтың әл-ауқатын көтеретіні, аудан дамуына әсер ететінін байқадық.

Верхнеберезовский кентіндегі жұмыссыздық мәселесі ауданға экономикалық, саяси, әлеуметтік жағынан кері әсерін тигізетінін көріп отырмыз. Саралай келе, Верх-Березовка кенті бойынша жұмыссыздық мәселелеріне төмендегідей шешімдер ұсынамыз.

Біріншіден, жергілікті кәсіпкерлерге қолдау көрсету арқылы жаңа жұмыс орындарын құру. Бұл үшін мемлекеттік гранттар мен несиелік бағдарламаларын пайдалануға болады.

Екіншіден, кент тұрғындарына кәсіби дайындық курстарын ұйымдастыру. Курс арқылы жұмыссыздар өз бойына жаңа дағдылар сіңіріп, сол бойынша жұмыс қарастыра алады.

Үшіншіден, жұмыссыздықпен күресуге арналған мемлекеттік бағдарламалар мен субсидияларды қолдану.

Төртіншіден, жалпы оқымайтын және жұмыс істемейтін, яғни NEET санатындағы жастарды жұмысқа орналастыру, жұмыспен қамту орталығына тіркеу, оларға жастардың кәсіпкерлігін қолдау туралы түрлі бағдарламаларды түсіндіру бойынша адрестік жұмыстар жүргізу.

Бесіншіден, халықаралық тәжірибені енгізу, әсіресе ҚХР-ның кәсіпкерлікті дамыту және халықтың белсенді өмір сүруіне ықпал жасауын қарап, өзімізге сол тәжірибемен бөлісу.

Біздің мақсатымыз Верхнеберезовский кенті халқының жұмыссыздық деңгейін барынша азайтып, кентті дамыту арқылы Қазақстан Республикасының дамуына үлес қосу.

ҚР Президенті Қ.К Тоқаевтың Қазақстан Халқына Жолдауында «Келесі маңызды құндылық – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік. Өз кәсібін өте жақсы білетін, оған әбден берілген, еңбекқор адам ғана табысқа жете алады. Мен Мемлекет басшысы ретінде азаматтардың, әсіресе, жастардың көзі ашық, дүниетанымы кең болғанын қалаймын» [5].

Сөз соңында Президентіміз Қ.К Тоқаев айтқандай, жұмыссыздық мәселесін барынша азайтып, мамандандырылған азаматтарды көптеп шығарсақ, еліміздің экономикасы, халықтың әл-ауқаты көтерілеріне кәмілсенімдімін.

Пайдаланған әдебиеттер

1. <https://ekonomist.kz/kz/moldokanov/jumyssyzydyq-kedeilik-kim-qalaiseptey/>

2. Стратегиялық бағдарламалар // https://www.akorda.kz/kz/official_documents/strategies_and_programs

3. сайт stat.gov.kz

4. М.Докушкина. Жұмыссыздықты реттеудің халықаралық үлгілері // <https://strategy24.ru/07/news/zarubezhnyy-opyt-modeli-regulirovaniya-bezrobotitsy>

5. Президент Жолдауы // <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-adiletty-kazakstan>